



ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІ ТҮСІНДІРІЛДІ



Суретті түсірген – Дина ДӘУІТБЕКОВА

Облыстық әкімдіктің мәжіліс залында еліміздің экономикалық саясаты мен жаңа Салық кодексінің негізгі нормаларын түсіндіруге арналған жиын өтті. Шараға ҚР Ұлттық экономика вице-министрі Асан Дарбаев, ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті аудит департаментінің директоры Қадыр Ысмағұлов, сондай-ақ облыстық басқармалар мен бизнес-қоғамдастық өкілдері қатысты.

● Құралбек СӘБИТОВ

Жиынды ашқан облыс әкімінің орынбасары Рустам Исатаев кеңестің басты мақсаты – Салық кодексіндегі өзгерістерді түсіндіру және олардың аймақ үшін практикалық маңыздылығын талқылау екенін айта келіп, салық заңнамасының реформасы кәсіпкерлердің мүдделеріне тікелей қатысты екенін атап өтті.

– Бүгінде әрбір кәсіпкердің реформаның мәнін түсінуі маңызды. Біздей экономикалық саясат жоғарыдан берілетін нұсқаулар жиынтығы ретінде емес, даму құралы ретінде қабылдануы тиіс. Ол үшін барлық тарап – билік, бизнес және қоғам үнемі байланыста болуы қажет. Бірлесе әрекет еткенде ғана нақты жұмыс істейтін шешімдерді әзірлеуге болады, – деп атап өтті ол.

Кеңес барысында мөлшерлемелердің өзгеруі, шығындарды есепке алудың жаңа ережелері, бақылаушы органдармен

өзара іс-қимыл жайы сөз болды. Бизнес өкілдері талқылауға белсенді қатысып, сұрақтар қойды және жұмыста кездесетін нақты жағдайларды ортаға салды. Кеңеске қатысушылар министрлік пен басқарма өкілдері тарапынан сұрақтарына толық жауап алды.

Асан Дарбаев жақын арада күшіне енуі тиіс жаңа Салық кодексінің мәніне егжей-тегжейлі тоқталды. Реформа, ең алдымен, шағын және орта бизнес үшін әкімшілік жүктемені азайтуға бағытталғанын жеткізді.

– Жаңа кодекс кәсіпкерлердің ұсыныстары ескеріле отырып дайындалды. Біз ашық, әділ және болжамды салық жүйесін құруға тырыстық. Бизнесің жекелеген санаттарына салық салу тәсілі қайта қаралды, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен отбасылық кәсіпорындар үшін мүмкіндіктер кеңейтілді. Бұл бизнесте заңды түрде жұмыс істейтін тиімді орта құру үшін маңызды. Ол арқылы экономиканың тұрақтылығы мен бәсекеге

қабілеттілігі арта түседі, – деді вице-министр.

Қадыр Ысмағұлов өз сөзінде реформаның негізгі міндеттерінің бірі – салықтық әкімшілендіруді цифрландыру жайын тарқатты. Оның айтуынша, бұл адами фактордың әсерін азайтады, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетеді және салық төлеушілермен өзара әрекеттестікті жеңілдетеді. Қазірдің өзінде электрондық құжат айналымы, автоматтандырылған тексеру және талдау жүйелері құралдары енгізілуде, бұл ішкі кірістер қызметін ашық және тиімді етеді.

Жиынды қорытындылай келе, облыс әкімінің орынбасары Рустам Исатаев бизнестің мемлекетке деген сенімін нығайтудың, сондай-ақ экономикалық саясаттың ашықтығы мен болжамдылығын қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

– Мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлер бір бағытта жұмыс атқарғанда ғана іс нәтиже береді. Біз бизнестің мемлекеттің серіктесі болуға, өз идеялары және мәселелерімен бөлісуге дайын екенін көреміз. Біздің міндетіміз – тыңдау және әрекет ету, – деп атап өтті ол.

Алдағы уақытта жаңа Салық кодексінің ережелерін түсіндіру жұмысы облыстың барлық ауданы мен қалаларында жалғасын таппақ. Ол арқылы әрбір кәсіпкер өз сұрағына жауап алып, жаңа өзгерістермен таныса алады.



Балқаш ауданында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында тұқым жинау науқаны басталды. Бақанас ауылы маңындағы Іле өзені жағалауында өткен шараға орман шаруашылығы қызметкерлері, колледж студенттері және мектеп оқушылары қатысты. Мақсаты – экологиялық мәдениетті қалыптастыру, тұрғындардың, әсіресе жастардың табиғатқа деген жауапкершілігін күшейту.

Табиғатқа камқорлық

● Гүлзат БАЙҚОНЫСОВА

– Қазіргі таңда облыста жиде және Шренк шыршасы тұқымын жинау апталығы жүріп жатыр. Облыс бойынша 1200 келі тұқым жинау жоспарланған. Жиналған өнім өңірдегі орман тұқымбақтарына жеткізіліп, алдағы көктемде көшет ретінде өсіріледі және орман қорын толықтыруға пайдаланылады. Облыста 124 гектар аумақта 2 тұрақты және 10 уақытша орман тұқымбағы жұмыс істейді, – деген облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Айнұр Мейірханова басқарманың атқарып жатқан жұмысы, алдағы жоспары жайлы да сөз қозғады. Айтуынша, 2021–2027 жылдарға арналған кешенді жоспар бойынша облыста 23 мың гектар алқапқа 52 миллион ағаш егу көзделген. Бүгінгі таңда 17 мың гектарға 38 миллион көшет егілген. Бұл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2 млрд ағаш егу тапсырмасына сәйкес іске асырылуда. Сондай-ақ «Таза аймақ» және «Мөлдір бұлақ» акциялары өткізіліп, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен бұлақ көздері тазартылған. Халықаралық құстар күніне орай 1000 дана құс ұясы жасалып, мектеп аулалары мен саябақтарға орнатылып, орманшылар мен оқушылар 15 түрлі ағаш тұқымының 13 келісін арнайы ыдыстарға отырғызған. Аудан әкімдіктерімен бірлесе отырып, республикалық және облыстық маңызы бар жолдар бойына 14000 келі қарағаш тұқымы себілген.



Суретті түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

Шараға қатысқан Балқаш ауданындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектептің 7-сынып оқушысы Гауһар Алмабек – «Ерікті жас орманшылар» үйірмесінің мүшесі. «Табиғатқа жанашыр болу – әр адамның азаматтық парызы. Жинаған тұқым болашақта орманға айналып, табиғатқа жан бітіреді. Мұндай шаралар қоршаған ортаға камқор болуға, жанашырлыққа тәрбиелейді», – деді ол. Экологиялық акцияға 150-ге жуық адам қатысып, 200 келі тұқым жиналды. Алдағы уақытта бұл тұқым өңірдің жасыл желекке оранып, жайқалуына сеп болмақ.

Балқаш ауданы

БАСПАСӨЗ – 2026

Еліміздің «Қазпошта» бөлімшелерінде 2026 жылға газетке жазылу науқаны басталды. Газетімізге «Kaspi» қосымшасы арқылы да жазылуға мүмкіндік бар.



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Жақсы сөз, шуақты ой – жолдағаны,
Тілі бай, қазынасы мол бағалы.
«Алатау арайына» жазылыңыз,
Ұлтқа деген шын құрмет сол болады!

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласуға болады:
87476881741, 87082109571

«АЛАТАУ АРАЙЫ» газеті
редакциясының мекенжайы:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1. 3-қабат.

ЖАЛПЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ (жыл бойы):

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Жалпы жеке жазылу	64792	5742,72	5742,72	11485,44	11485,44
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	14792	10614,24	7326,72	21228,48	14653,44
ҰОС қатысушыларына, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	54792	5382,72	5382,72	10765,44	10765,44

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА ЖАЗЫЛУ (6 немесе 12 айға):

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	3500	7000
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	5000	10000
ҰОС қатысушыларына, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	2500	5000

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП БАЛАМА ЖАЗЫЛУ (6 немесе 12 айға):

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	4000	8000
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	6000	12000
ҰОС қатысушыларына, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	2500	5000

Газетке жазылу науқаны жыл бойы жалғаса береді.

ПРЕСС-ТУР

КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚОЛДАУ ЗОР



Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту – еліміздегі ең маңызды мәселенің бірі. Бүгінде шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында түрлі жоба қолға алынып келеді. «Даму» қоры – еліміздегі шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі институты. Қазан айына дейін Алматы облысындағы 120-дан аса кәсіпкер «Даму» қорынан қолдау тауып, ісін дөңгелеткен. Оң бастамаларға мемлекет тарапынан 38,8 млрд теңге бөлініпті. Ал оның басым бөлігі шағын және орта бизнеске тиесілі.

● Ерзат АСЫЛ

Кәсіп ашып, өнім шығарып, іске бет бұрғысы келген жандарға әркез қолдау табылады. Кәсіпкерлерге жеңілдетілген несие беретін бағдарламалар да жеткілікті. «Даму» қорының Алматы облысы бойынша аймақтық филиалының директоры

Бақытжан Исақовтың айтуынша, аталған қор екінші деңгейдегі банктер арқылы жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруға, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауға, банктер алдында кепілдіктер беруге, лизингтік мәмілелерді және микрокредиттік ұйымдарды жеңілдікпен қаржыландыруға, сондай-ақ,

қаржылық емес қолдау көрсетуге қолұшын береді. Ал биыл маусым айынан бастап жеңілдетілген несие аясында жаңа «Өрлеу» бағдарламасы іске қосылған. «Бұл бағдарлама кәсіпкерлерге қолдау көрсету үшін жасалған. Нақтырақ айтсақ, 10 жылға дейінгі мерзімге 7 миллиард теңгеге дейінгі инвестициялық несиелерді және үш жылға дейінгі мерзімге 3,5 миллиард теңгеге дейінгі айналым қаражатын толықтыруға арналған қарыздарды ұсынады. Өтінімдер бес банк арқылы қабылданады. Бұл қатарда «Halyk Bank», «ЦентрКредит», «Фридом банк», «ForteBank» және «Нұрбанк» бар. Алматы облысында осы бағдарлама бойынша жалпы несие сомасы 35,7 млрд теңгені құрайтын 60 жобаға қолдау көрсетілді. Бұл ретте өңдеу өнеркәсібі, көлік және қойма салу, туризм, білім беру, денсаулық сақтау салаларына басымдық берілді», – деді «Даму» қорының аймақтық филиалының директоры Бақытжан Исаков.

Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың тиімділігін дәлелдеген кәсіпорындардың бірі – «ADVENTTO» компаниясы. Осыдан төрт жыл бұрын «Асыл арман» тұрғын үй кешенінің маңынан жаңа мектептің құрылысы басталған.

(Соңы 2-бетте) ➡



КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚОЛДАУ ЗОР

← (Басы 1-бетте)

Білім ошағын салуға ниетті болған «ADVENNTO» ЖШС төрт жылдың ішінде түрлі экономикалық дағдарысқа ұшырап, ғимаратты белгіленген мерзімде аяқтай алмайды. Алайда бғыл «Halyk Bank» пен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының бірлескен несиелендіру бағдарламасы аясында 1,25 млрд теңге сомасында жеңілдетілген несие беріліп, жана білім ошағы толықтай іске қосылады. Бүгінде жекеменшік мектеп «Nomad International School» деп аталады. «Nomad» жекеменшік мектебінде білім беру бағдарламасына сәйкес академиялық база, технологиялар, спорт және ұлттық құндылықтар қамтылған. Басты ерекшелігі – физика мен математика пәндеріне басымдық бере отырып, ағылшын тілін тереңдетіп оқыту. Сондай-ақ оқушының қалауына байланысты қытай тілін үйрету мүмкіндігі қарастырылған. Одан бөлек әлемдік олимпиадаға енген киберспортқа әуестенген оқушыларды бөлек даярлайды. Осы мақсатта «Micro-Star International (MSI)» тайваньдық компания ойынға арналған қуатты компьютер сыныбын жасақтап, демеушілік танытқан. Жана білім ошағының барлық инфрақұрылымы заманауи стандарттарға сай келеді. Ғимараттың жалпы аумағы – 32 000 шаршы метр. Мұнда кең сыныптар, заманауи кабинеттер, үйірмелер мен спортзалдар бар. Мектеп директоры Көлбай Өмешбаевтың сөзіне сүйенсек, 2000 оқушы мемлекеттік оқу бағдарламасы негізінде тегін оқытылады. Олар – Кемертоған ауылындағы және Л.Толстой атындағы орта мектептердегі білім алушылар. Ал қалған 1000-нан астам бала арнайы тереңдетілген оқу бағдарламасымен ақылы түрде оқиды. Аталған білім ордасы 220-дан астам адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Заманауи мектептің тыныс-тіршілігін таныстырған кәсіпкер мемлекеттік қолдаудың тиімділігін тілге тиек етті. «Білім беруді дамыту қажеттілігі қазіргі заман талаптарынан туындайды. Бұл салада сапалы өсімді қамтамасыз ету үшін оқу орындарын жаңғыртуға, озық әдістемелерді енгізуге және жоғары білікті кадрларды даярлауға бағытталған, «Даму» қоры ұсынатын арнайы бағдарламалар сияқты мемлекеттік қолдау ресурстарын белсенді тарту аса маңызды», – дейді «ADVENNTO» компаниясының директоры Ержан Майлыбаев.

Аймақтың дамуына елеулі үлес қосқан кәсіпорындардың бірі – «GLK Extrusions» алюминий профильдерін өндіретін зауыт. Кәсіпорынның өндіріс қуаттылығы – жылына 10 мың тонна, онда 150 адам жұмыспен қамтылған. 2002

жылдан бері ел нарығын сапалы алюминий профильдері және бағаналармен қамтамасыз етіп келе жатқан кәсіпорын биыл өндіріс желілерін соңғы үлгідегі технологиялармен жабдықтапты. Жоба «Даму» қорының «Өрлеу» бағдарламасы аясында жүзеге асыпты. «Өндіріс желілерін соңғы үлгідегі технологиялармен жаңғырту үшін «Даму» қорының «Өрлеу» бағдарламасы аясында «Halyk Bank» арқылы 12,6 пайыз мөлшерлемен 500 миллион тенге көлемінде несиеге қол жеткізді. Бұл қадам біздің кешенді заманауи әрі қауіпсіз өндірісті жолға қоюға мүмкіндік берді. Өндіріс желілеріміз жаңаланғаннан кейін халықаралық стандарттарға сай 6 мыңға жуық өнім шығара бастадық. Өнімдердің басым бөлігін отандық нарыққа сатамыз. Ал қажетті шикізатты да елімізден сатып аламыз. Бұл – біздің көпжылдық еңбегіміздің жемісі. Біз үшін ең маңыздысы – жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамту. Қазіргі уақытта білікті мамандар мен жұмысшылар қажет. Тиісті талаптарға сай үміткерлерді зауытқа жұмысқа шақырамыз», – деді кәсіпорын директорының орынбасары Мүслім Ақбұлт.

Қордан қойдау алған тағы бір өндіріс орны – Іле ауданында орналасқан болат металл конструкцияларын өндіретін «SL Group» зауыты. 2023 жылы негізі қаланған зауыт «Даму» қорының қолдауымен 2025 жылы «Өрлеу» бағдарламасы шеңберінде «Forte Bank» АҚ арқылы инвестициялық мақсатта 1 млрд теңге көлемінде несиеленді. «SL Group» зауыты сауда ойын-сауық орталықтары, әуежай, вокзал сияқты ірі нысандардың құрылысына қолданылатын металл конструкцияларын шығарады. Кәсіпорын өкілдерінің айтуынша, олар қазір жылына 20 мың тонна өнім өндіреді. Алда өндіріс желісін ұлғайтып, өнім көлемін 50 мың тоннаға жеткізбек. Ал өндіріске қажетті шикізатты дерлік ел ішінен сатып алады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында шағын және орта бизнестің ішкі жалпы өнімдегі үлесін арттырып, осы саланы жүйелі түрде жетілдіре түспесе, экономиканы дамыту және тұрмыс сапасын жақсартуға тың серпін бере алмайтынымызды ашып айтқан болатын. Бүгінде «Даму» қорының қолдауы өнірлік экономиканың дамуына өзіндік үлес қоса бастады. Алматы облысының кәсіпкерлері үшін ол өсудің, жаңғыртудың және бәсекеге қабілеттілікті арттырудың маңызды қадамына айналып келеді. Қор өндіріс пен маңызды әлеуеттік салаларға серпін беретін құнды жобаларға қолдау көрсете бермек.

БУГІН – ДУНІЕЖУЗІЛІК ПОШТА КҮНІ

Міндетіміз – мінсіз қызмет



Күнделікті өміріміздегі тоқтаусыз қозғалыстың кейде шет-шегі жоқтай көрінеді. Оған бүгінгі қоғамның тынымсыз тыныс-тіршілігінен айқын көзіміз жетіп отыр. Осы арада халықтың қамы үшін қалтқысыз қызмет етіп жатқан облыстағы мекеме-ұйымдардың атқаратын жұмыстары айтуға тұрарлық. Соның бірі – өңірде жүйелі қызметімен абырой арқалап жүрген Қарасай аудандық «Қазпошта» мекемесі. 9 қазан – Дүниежүзілік пошта күніне орай аталған мекеменің басшысы Ерболат САРҚҰЛОВПЕН сұхбаттасудың сәті түсті.

– Ерболат Сәлімбайұлы, сіз басқарып отырған ұжымның облыс көлемінде адыңғы қатарда келе жатқанын жақсы білеміз. Биылғы еңбек көрсеткіштеріңіз қандай деңгейде? Әңгімемізді осыдан бастасақ.

– Сауалыңызға рахмет. Қандай кішігірім ұйымның болса да, өлшемін атқарған жұмыстарына қарай бағаланады. Бұл жағынан келгенде біздің ұжымның қалысар жері жоқ. Олай дейтін, жылдық көрсеткіштер бойынша әрқашан да алғы шептен көрініп келеміз. Бүгінде жарты жылдан астам уақыттағы көрсеткішті де көңілің шығатындай аяқтап отырмыз.

Оны тизбелеп айтуудын өзі ұзақ өңгіме. Жыл да аяқталып келеді. Біз көрінген биіктен ешқашан да төмендеп көрген емеспіз. Жұдырықтай жұмылған ұжымымыз жылды ұйымшылдықпен аяқтайды деген берік сенімдеміз. Бұл сұрағыңызға менің бере бер жалабын осы.

– Сіздер халыққа қандай қызмет түрлерін көрсетесіздер? Осы жағынан да кеңінен түсініктеме беріп өтсеңіз.

– Поштананы қызметі күрделі жағдайда жүретінін халықтың арасында екінің бірі біле бермейді. Бұлай болатынын күнделікті жұмысымыздан көзге көрініп жүр. Біздің жұмысымыздың анық-қанығына сонда ғана халықтың көзі жетуде. Біз әр тараптан келетін адамдардың дау-дамайына мінсіз қызметіміздің арқасында ғана ілікпейміз десем, қае айтқандық емес. Соның

нәтижесінде игілікті жұмыстарымызды ілгерілетіп, іс жүзіне асырудамыз. Қойылған сұрағыңызға орай жауап беретін болсам, біз халыққа екі қызмет түрі бойынша қызмет көрсетеміз. Атап айтқанда, оның біріншісі қаржылық қызмет болса, екіншісі хат-хабар және адамдар арасындағы жолданып жататын сәлемдеме мен мерзімді басылымдарға жазылу деп аталады. Үнделікті баспасөз саласындағы әлемдік, республикалық, облыстық, аудандық газет-журналдарға халықтың жазылу талап-тілектерін және өтініштерін орындау – біздің тікелей міндетіміз. Аталған қызмет түрлерін біз шаш-етектен келетін киімдіктарға қарамай, жүйелі түрде жүргізіп келеміз.

— Осы жерде өңірдегі «Қазпошта-ның» техникалық әлеуеті қандай деген сұрақ қойғым келіп отыр. Заманауи техникаларға мұқтаждық жоқ па?

– Рас, біздің жұмыстың түйіні осыған тірелетінін қалай жасырайын? Аятып кеткен қызмет түрлерінің басым көпшілігі техника арқылы атқарылады. Қажетті техникалардың тоқтаусыз жүруі бізгегі проблема атаулыны шешуге жол ашады. Осы жерде менің мына бір жайды баса айтқым келеді: бізде және біраз ауданда қолдағы бар автотөкілтердің бірқатары аяқ астынан істен шығып қалады. Оның себебі жоқ деп айта алмаймын. Неге десеніздер, ауадай қажетті техникаларымыздың бұзуды ескіріп кеткен. Десек те, соңғы уақыттарда жақсы жанаңалық та бар екенін

айтуға тиіспіз. Біртіндеп қатардағы техникаларымыздың жаңарып жатыр. Аз болса да осының өзі біз үшін үлкен қуаныш! Біз осыны дүтке қуат санаймыз. Бірақ техникаға мұқтаждық бар, оны жасыра алмаймыз.

– Ұжымда жұмыс жұмыла атқарғанда ғана нәтижелі болады. Осы тұрғыдан алғанда сіздің ұжымыңызда ортақ мақсат жолында жан-тәнімен жақсы қырынан көрініп жүрген мақтаулылар жөнінде кімдерді құрметтен атар едіңіз?

– Ұжымымыздың ел алдында еңсесін тіктеп ұстап жүруінің өзі біз үшін үлкен абырой деп санаймын. Ұжымдағы әрбір адам өз жұмыстарына әрдайым жауапкершілік тұрғысынан қарайды. Олардың ішінде елгеzekтігімен, еңбекқорлығымен көзге түсіп жүргендер аз емес. Мәселен, өзімнің орынбасарым Сәуле Мұратбекова, бас есепшіміз Қарлығаш Нұржанова, операторлар Жадыра Жылғелдиева, Ардак Отынтаева, Рәбия Сабаншиева, Алина Мамытбекова, Айнұр Дүйсенбетова, Танаи Доснизоваларды, хат тасушылардан ерлі-зайыпты Нұрман жөне Нұргүл Ысқақаларды, Ира Кокотина, Наташа Корпенка, Жанар Сәбитова, Дилбар Құсбергенова, Маргарита Стадникова, Зейнат Асыратоваларды ерекше мақтан тұтамын.

– Жыл болса аяқталып келеді.
Алдағы жоспарларыңыз қандай?

– Кімнің болса да келер күн мен жылдардан күтері көп. Сондықтан да біздің жұмысымыз жоспарсыз болған емес. Осы жылды жемісті аяқтап шығу – басты мақсатымыз. Содан кейінгі келер жылға да артар үмітіміз жетерлік. Соны ойдағыдай орындап отырсақ, біздің мақсатымызға жеткеніміз!

Сұхбаттасқан – Қанат ТӘКЕБАЕВ
Қарасай ауданы

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Ауылды алаңдатқан мәселе

Облыстық қоғамдық кеңеске Жамбыл аудандық мәслихатынан депутаттық сауал және ауыл тұрғындарынан шағым түскен еді. Осыған байланысты Қонаев қаласынан жұмыс тобы мән-жайды анықтауға келді. Туындаған даулы мәселелерді заң аясында шешу үшін арнайы құрылған комиссия тобы шушыққан ауылдарда тұрғындармен кездесіп, істің ақ-қарасын айыруға тырысты.



● Серік САТЫБАЛДИЕВ

Депутаттық сауалда бірнеше мәселе көтерілген. Жағдайға көз жеткізу үшін облыстың қоғамдық кеңестің төрағасы Қазыбек Дәуітәлиев бастаған комиссия алдымен аудан орталығынан шалғайдағы Қазыбек бек бекетіне барды. Себебі мұндағы тұрғындар елдімекенде топырлатып ит жиған кәсіпкерге наразы. Облыс орталығынан келгендер ит ұсталған орынды көріп, тұрғындар шағымына құлақ түрді. Олардың айтуынша, «Домик в деревне» атты жеке қордың ит асыраушылары жергілікті халықтың пікірімен санаспайды. Күндіз-түні тоқтаусыз үрген иттің дауысы әбден мезі еткен. Иттің шуымен қоса жағамсыз иіс те мазаларын қашырып, есік-терезені ашудан қалыпты. Қазір онда 70-ке жуық ит бар көрінеді.

Қазыбек бек бекетінің тұрғыны Гүлбаршын Қарасаева жанайқайын былайша білдірді: «Екі жыл болды, ітін жуы мен айналаға тараған сасық иістен әбден мезі болдық. Үйімізге жақын жерде іт бағып жатқанына қарсымыз. Қалай шулап жатқанын өздеріңіз де көріп тұрсыздар. Мынандай иістің жанында тыныш өмір сүру мүмкін емес. Бұлар барған сайын көбейіп, жанадан итер екіліп жатыр. Ауылдан алыс жерге көшірілісін».

Шынымен де күні-түні улап-шулаған иттің дауысы мен колканы қабатын жағамыздың иісі тұрғындардың шыдамын шегіне жеткізген сияқты. Мамандардың айтуы бойынша, заң талабына сай мұндай шаруашылық елдімекеннен белгілі бір қашықтықта, яғни алыста орналасуы керек. Ал мұндағы иттер елдімекенің ішінде бүкіл ауылды басына көтеріп тұр. Облыстық қоғамдық кеңес мүшелері тұрғындар мен ит қожайынын бірлесіп отырып, оларды ортақ келісімге келтіруге әрекеттенгенімен, ит асыраушысы кездесуге келмеді. Дегенмен тұрғындар тілегін қанағаттандыру үшін жергілікті әкімдікпен келісіп, ауылдан кемінде 3-4 шақырымдай алыс арнайы жер бөлігізіп, оларды көшіруге көндірміз деп шешті. Қазір соған лайықты жер телімі қарастырылып жатыр. Қоғамдық кеңес соған көшіруді ұсынбақ. Ит асырап жатқан жердегі жағдайды көзбен көрген комиссия мүшелері онда басқа да санитарлық талаптардың бұзылғанын анықтады. Ол бойынша да ұсыныс әзірленіп, прокуратураға, полицияға жолданбақ.

Жұмыс тобы одан кейін Мыңбаев ауылына барды. Бұл елдімекеннің іргесіндегі ит асыраушылар да халықтың наразылығын тудырып отыр. Тұрғындар 15 жылдан бері иттен жапа шектік деп қапалы. Ауыл іргесіндегі қайылымдық бағыттағы 5 гектар жер теліміне «Белли бим» деп аталатын қоғалық 150-ге жуық ит асырап отыр. Ондағы азулылар кешқұрым тіпті ауыл балаларына да шабуыл жасапты. Мұны ауыл тұрғыны Шаймұрат Ахметұлы былайша жеткізді: «Түнде сағат 10-11-лерде иттерді шығарып жібереді. Кейде күндіз де бос жүреді. Менің үйім одан 100 метрдей ғана жерде. Осы қоршаудан шыққан ит менің үйіме барады. Немерелерімді де ит қуған, әйтеуір қауып алудан Құдай сақтады. Бір иттер кешке мына жерден адам жүргізбейді, малды да қуады. 40-50 итті бір-ақ шығарып жібереді, олар көше кезіп кетеді. Жан-жаққа одан да көп ит шығады. Осы ит мәселесі бізде өте қиын болып тұр».

Мынбаевтағы ит асыраушыларға да қоғамдық кеңес өкілдері аудандық әкімдікпен бірлесіп, ауылдан шалғай жерден арнайы орын босатып беруге ықыпал ететін болды. Өйткені басқаны айтағанда жайылымдық бағыттағы жер теліміне бұлайша ит бағу заң нормасына сай келмейді. Мұны Мынбаев ауылдық округінің әкімі Темірлан Төлебеков те растап, тұрғындардың тынышын алған төрт аяқтыларды елдімекеннен тезірек алыстатуға тырысып жатқанын білдірді. Ол ит ұстаған орынның аумағы дұрыстап қоршалмағанын, онда ешқандай санитарлық талап сақталмағанын айтты. Жер телімінің жанында бұлақ бар, ол айналып барып Ұзынқарғалы өзеніне қосылады.

Мынабасвытқарта бұл күнде ит мәселесі мұн болғандай. Асыл тұқымды қой шығаратын ғылыми-зерттеу институтымен йгілі ауыл енді ит шығарумен айналышыпласа ігі еді. Бұдан соң қоғамдық кенес мүшелері бастаған, құрамында кәсіпкерлік басқармасының жауапты мамандары бар арнайы топ аудан орталығындағы «Ұзынағаш оужная» атты кірпіш зауытының жанына аяллады. Мұнда зауыт қожайындарымен бірге осы маңда тұратын бір топ тұрғын жиналысты. Құзырлы органдардың қаулысымен 2022 жылдың ақпан айынан бастап бұл кірпіш зауытының топырақ өндіру құқығы шектелген. Бірақ 2005 жылдан бері кірпіш шығарып келе жатқан кәсіпкер өз жұмысын әлі де тоқтатпаған көрінеді. Өзін зауыт жұмысын жүргізіп отырған «Байжәнулы» жеке кәсіпкерлігінің иесімін деп таныстырған Айдос Құнанбайұлы «Барлық құжаттар түгел, заңды жұмыс жасап отырмын» дегенді алға тартты. «20 жылдымыз осы кәсіпке арнадым, егер менің жұмысымды мүлдем тоқтататын болса, осының жылғы шығынымды өтеп берсін», – дейді ол.

Депутаттық сауалда сонымен қатар өндіріс орнының елдімекенге тым жақын орналасқаны, қазіргі талап бойынша арақашықтық 500 метрден кем болмау қажеттігі айтылған болатын. Бұған кәсіпкер: «Мен рұқсат алып, жұмысымды бастағанда мына үйлер болған жоқ. Онда неге зауыт жанынан тұрғын үй салуға жер берілген?» – деген үзәж айтты.

Қоғамдық кеңес бұл мәселені құзырлы мекемелер мен өндіріс орны қожайындарының басын Қонаев қаласында қосып, ортақ шешімге келуге ықпал ететін болып уағдаласты. Өйткені кәсіпкер ісін бастаған 2005 жылдан бері кеңес пайдалану заңнамасына өзгерістер енгізілген. Соған сәйкес кәсіпкермен бұрын жасалған келісімшарттың күші жойылған. Жердің қазіргі нысаналы мақсаты одан топырақ қазып алуға қайшы келеді. Жұмысын тоқтатпаудың бір жолы – жаңадан лицензия алу. Оған облыстық кәсіпкерлік басқармасы тарапынан кеңесшілік көмек көрсетілетін болды.

«Барлық кәсіпкерлік қызмет заң аясында жүруге тиіс. Біз осыған себепкер болып, лицензия алуға қажетті барлық қадамның жасалуына қолдау көрсетеміз», – дейді облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Қазыбек Дәуітәлиев.

Сол арада топталма қалған тұрғындар болса, орайлы сәтті пайдаланып, облыс орталығынан келгендерге жол мәселесін алға тартты. Елдімекен шетіндегі жол-тытым сапасыз болғандықтан көп қиындық туындап жатқанына шағымданды. Бұл мәселе бойынша Ұзынағаш ауылдық округі әкімдігіндегілер алда жол құрылысының жобалық құжаттамасын әзірлеп, келесі жылы тұрғындар тілегін орындауға күш салынатынын айтты.

Жамбыл ауданы



ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

Медетбек Есебайұлы
– қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын батыр. Оның есімі халық ауыз әдебиетінде, тарихи жырлар мен аңыздарда жиі кездеседі. Биыл **Медетбек батырдың 200 жылдық тойы республика көлемінде кеңінен аталып өтуде.**

Алтайдан Атырауға дейін, Алатаудан Омбыға дейін ұлан-байтақ жерді ата-бабаларымыз құрыш білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап келгені тарихтан белгілі. Алатау өлкесінде сондай аңызға айналғандарының бірі – Медетбек батыр. Бұл кезеңде ел жоңғар басқыншыларынан құтылғанымен, Орта Азия хандықтарының талауына тап болған еді. Оларға жергілікті халық алым-салық төлеуге мәжбүр болды. Сонымен қатар, Орта Азияға бет алған орыс империясының әскерімен бірге қокандықтарға қарсы шайқастарға ерлікпен араласты. Осындай екіталай ауыр заманда елі мен жерін жауға бермей, халқының азаттығы үшін жанын аямай, басын өлімге тіккен Саурық, Сұраншы бастаған батырлар еді. Солардың қайтпас қайсар ерлігін жалғастырып, қарсы келген жауын аяусыз басып тастайтын батырлардың бірі – осы Медетбек.

Медетбек – Сыпатай батыр Саурықұлымен бірге өскен, қарулас сенімді серігі. Ол Шапырашты тайпасының Есқожа руының Танатар атасынан тараған. Медетбек ел арасындағы билікке, халық арасындағы бітімгершілікке де қатысып, дау-дамайды шешетін. Оның алыптығы, зор дауысты, ержүрек батырлығы жөнінде көптеген аңыз-әңгіме қазақ-қырғыз еліне кең таралып, қазірге дейін ұмытылмай, ел арасында айтылып келді. Осы аңыздарды естіп өскен және Медетбекті көргендердің әңгімесін тыңдап, көңіліне тоқыған ауыл ақсақалы, соғыс және еңбек ардагері, Медетбекпен аталас Әбдісағи Бердібаев бұл турасында былайша әңгімелейді: «Сыпатай мен Медетбектің жастау кездерінде қырғыздар мен қазақтардың арасында болған шайқаста қырғыздар Сыпатайды қолға түсіріп, байлап әкеткен. Медетбек оның Саурық батырдың баласы екенін білдірмей, жоғалған малын іздеген болып, сонынан қалмай бірге жүріп отырған, айласын тауып, босатып алуды көздеген. Қырғыздар Сыпатайды Орта Азияға құлдыққа сату үшін, шег жаққа алып кетеді. Медетбек табандылықпен есебін тауып, қырғыз ауылының бірінде бие сауғызып жүрген Сыпатаймен кездесіп, қашып кету амалын үйретіп, өзі тосатын жерін белгілейді. Сыпатай бабын тауып, желі басындағы бір жүйрік атпен қашып шыққанда келіскен жерде Медетбекпен қосылады. Артынан қуып келген екі қырғызды ұрып жығып, аттарын алып, төрт атпен түнде жүріп, күндіз тасаланып, он бес күн дегенде аман-есен еліне жетеді.

Тағы да бірде қырғыз барымташыларының қазақтарға тұтқиылдан шапқыншылығы кезінде Медетбек батыр байқаусызда қолға түседі. Бұның Медетбек батыр екенін білмеген қырғыздар денесінің алыптығына қарап, бір батырды қолға түсірдік деп мақтанады. Оны Ош қаласындағы бір манапка апарып береді. Медетбек сол күннен бастап мақау болып, беті-қолын жумай, сакал-мұртын алмай қояды. Қырғыздар мақауды ымдап отын алғызды, су құйғызынды. Осылайша бірнеше ай өтеді. Артындағы елі өзі айласын тауып құтылатынына сенеді. Бір күні манаптың үйіне алыстан қонақтар келеді. Манаптың үй іші қонақтарды күтіп, абыр-сабыр болып жатқанда, Медетбек екі жүйрік атты ерттеп қойып, басқа аттарды босатып,



ЕЛ ҚОРҒАНЫ – МЕДЕТБЕК

терең сайға айдап жібереді. Манаптар қонақасын ала бергенде, батыр аттың бірін мініп, бірін жетектеп, есік алдына келіп: «Ей, манаптар, мен мылқау емеспін, қазақтың Медетбек деген батырымын, ал енді қош болындар, мен еліме кеттім», – деп айқай салып жүріп кеткен екен дейді. Қаранғыда не істерін білмей, дал болған қырғыздар ұлап-шулап қала берген.

Саурық батыр жау қолынан қаза тапқаннан кейін, қырғыздар өздерінше күшейіп, қазақтардан жер даулай бастайды. Бірде ел көктеуге отырғанда, Андас датқаға қырғыздың ханы: «Қазақтар Алатауды, Күртіннің өзеніне дейінгі жерді қырғыздарға босатып берсін және Саурықтың баласы Сыпатайды байлап берсін, әйтпесе соғысып, тартып аламыз», – деп елші жібереді. Андас датқа Ыстамбұқұлы екі-үш рет халқының басын қосып, ақылдасып, бір токтамға келе алмайды. Медетбек пен Сыпатай: «Бұл дауды біз шешейік, рұқсат беріңіз», – деп Андас датқадан сұрайды. Андас бұл күрделі дауды сендер қалай шешесіңдер деп, екі рет келісім бермейді. Бірақ үшінші жолы: «Жарайды, жіберіп көрелік, ол үшін сендерге не қажет?» – деп сұрайды. Олар: «Екеуімізге екі жақсы ат, екі атқосшы беріңіз», – дейді. Андас олардың айтқандарын орындап, жолға шығарып салады.

Сыпатай мен Медетбек сал-серілерше киініп, байдың мырза балалары болып, қырғыз ханының ауылына барады. Қырғыздар қазақтың мырзалары келді деп сыйлап, қонақ етеді. Жастар жиналып, ойын-сауық құрады. Қырғыз ханының жалғыз ұлы бар екен. Медетбек сол баланы айналдырып, оған: «Біз мына жотадан (қырғыз бен қазақ елі арасындағы шекара-жота) келдік. Онда ауылымыз бар, қыз-жігіттер ойын-сауық құрып, тамашалап жатырмыз, бізбен бірге жүріп, қонақ болып қайт», – дейді. Бала оның сөзіне сеніп, әкесінен рұқсат алып, атқосшысымен екі жас батырға ілесіп, жайлаудың жотасына шығады. Медетбек ханның баласын атқосшымен бірге байлап, Андас датқаға әкеліп: «Міне, дауды осылар шешеді», – дейді. Датқа: «Балаң менің қолымда, жер жөнінде талабыңнан қайтпасаң, балаңның басын алып, шабуыл жасаймыз», – деп қырғыз ханына елші жібереді. Орман хан: «Баламды өлтірмесін, жайлаудағы Көктөбеде кездесіп, екі ел

арасындағы келісімге келейік», – деген жауабын береді. Осы келісім бойынша Көктөбеде қазақ пен қырғыз басшылары бас қосып, Алатаудың күнгейінде, Шудың шығыс бетінде, көшіп-қонып жүрген Шапыраштыларды Алатаудың теріскейіне көшіріп, қырғыздарға Кіші Кемін, Үлкен Кемін, Ақтүзді босатып берген. Шекара Шу өзеніне дейін емес, Алатаудың жотасындағы жолға (Саурық батыр кезінде осы жолды шекара ретінде белгілеген) дейінгі жер қырғыз елінікі деп белгіленді. Екі ел келісімге келіп, баласын аман қайырғаны үшін Орман хан Андасқа сыйға тоғыз айғыр қысырақтың үйірін беріп, қазақ пен қырғыз татуласады. Осылайша ел арасындағы қиын даудың соғыссыз бітімге келуіне үлкен үлес қосқан Медетбек пен Сыпатай нағыз ержүрек батыр екенін көрсетеді.

Етөп, Дулаттарды шетінен жаулап, Еспе, Жартасты өзендерінің бойымен Қона, Қарабастау ауылына дейінгі жерді басып алады. Малың тартып алып, қыз-келіншектерді күндікке, ұлдарын құлдыққа салып, жер байлығын олжаламақ болады. Дулаттан шыққан Орақ батыр Саурық батырға: «Біздің жерді ойламаған жерден қокандықтар басып алды, қол ұшын бермес пе екенсіздер?» – деп сәлем жолдайды. Саурық батыр Андас датқамен ақылдасып, шұғыл түрде жүзге жуық қазақтың басын қосып, қашып келіп, Шапыраштыны паналап жүрген орыстың 6 жауынгерін, 4 түрікменді ертіп, көмекке барады. Ішінде Медетбек пен Сыпатай бар. Саурық батыр: «Екеуің әлі жассың, менің айтқанымнан шықпайсыңдар», – деп ертіп алған. Саурықтың жіберген елшісі қокандықтарға келіп: «Шапырашты елінен Саурық батыр келе жатыр, қасында Медетбек, Сыпатай деген жас батырлар бар, қарамағында мыңнан астам қазақ қолы, 60 орыс, 40-тан астам түрікмен жауынгері бар», – деп ескертеді. Мұны естіген қокандықтардың басшысы: «Мынау не деп тұр? Қазақтар орыстар мен түрікпендерді және сонша қолды қайдан жинасын, өтірік, әкетіндер, басын шауып тастандар», – дейді ашуланып. Қокандықтардың оты өшіп, тегіс ұйқаға жатқанда: «Аттан, Саурық батыр, аттан!» – деп ұрандап, мылтық атылып, от қойылып, керней тартылып, шабуылдағанда қокандықтар

бытырай шашылып қашады. Саурық қашқандардың артынан Сыпатай мен Медетбектерді жібереді. Олар қокандықтарды ел шетінен шығара қуып, жеңіске жетіп, қолға түскен адамдар мен малды құтқарып қалады.

1860 жылы күзде Қокан хандығының Қанағатша бастаған 10 мың қолына қарсы орыс генералы Г. Колпаковский бастаған 800 орыс әскерімен бірге Сұраншы бастаған сарбаздар Саурық бекінісінде қокандықтардың бетін қайырып, тасталқан етіп, қырып, жеңіске жетеді. Осыдан кейін Шапырашты, Дулат елдері үшін қокандықтармен арада аса шиеленісіп тұрған бір қиын уақыт басталады. Қазіргі Жамбыл ауданының орталығы Ұзынағаш ауылының батыс жақ іргесіндегі Шалшықбұлақ деген жерде орыс армиясымен Қокан хандығы әскерлерінің арасында үлкен қақтығыс басталады. Бұл шайқас қазақ тарихында «Ұзынағаш соғысы» деп аталды.

Тарихи деректерде Ұзынағаш соғысына Сұраншы батыр бес мыңнан астам қазақ жігіттерінен құралған қолмен белсене қатысқан. Бұл туралы халық ақыны Әбдіғали Сариев:

– Қазақтардың көп қолы,
Әрбір жақтан кеп қалды.
Хабарланып барлығы,
Көп батырлар топтанды.

*Артық батыр ішінде,
Үш жүзден қолды бөлісіп,
Қатарын түзеп саптанды.
Сүттібай бастап біреуін,
Тұс-тұсынан аттанды.
Бөлтірік келіп бір жақтан,
Медетбек келіп бір жақтан,
Сыпатай келіп бір жақтан,
Әрбірі қолды басқарды,* – деп жырлайды.

Сөйтіп, олар Қанағатша жасағының ту сыртынан тұтқиылдан шабуыл жасап, қатты қарсылыққа кездескен орыс әскерлеріне үлкен көмек беріп, қокандықтарды көп шығынға ұшыратты. Қокандықтарды үрей билеп, быт-шыты шығып, қашып, зым-зия болды. Осыдан кейін ел арасы біраз тынышталып, егін салып, мал өсіріп, көшіп-қонып өмір кешіп жатты. Бірақ батырлар ел тыныштығын ойлап, қашанда сақ жүрді. Алайда қокандықтар қазақтардың мазасын алуды тоқтатпады. Шу өзенінің батысынан әрі қарай бекініс салып жатып алды. Сұраншы батыр сарбаздармен орыс әскерлеріне қосылып, Шудан өтіп, қокандықтармен қайтадан шайқаса бастады.

Сұраншының жасағы Сыпатай, Медетбек басқарған үш мыңнан астам адаман тұратын еді. Барлығы қолдарына найза, қылыш ұстаған. Сирек болса да бітпелі мылтығы бар, жарамды жүйрік ат мінген, шетінен жаужүрек, жас қайрат сарбаздар болатын. Сұраншы сарбаздарына орта жолда Меркі, Аспара аймағынан қосылған қазақ жасақтары, оның ішінде 200 адаммен қосылған Сыпатайдың (Дулат) ержүрек баласы Бірімқұл, Сыпатай Саурықұлы мен Медетбек батырлар бар сарбаздарды жинап, олардың бастарын біріктіруде, жауынгерлерге азық-түлік ұйымдастыруда айрықша еңбек сіңірген. Медетбек пен Сыпатай Сұраншының әрдайым жанында болып, қатерлі жағдайларда батыр ағаларын қорғап қалған. Жас батырлардың бұл ісі, әсіресе қазақ жерін қокандықтардан азат ету кезінде анық байқалған. Мысалы, Әулиеатадан өткенде Сұраншыны бір атақты адам қонаққа шақырған. Оған баруға Сыпатай қарсы болған. Сұраншы: «Бізді құрметтеп жатыр ғой», – деп көнбей, жанына Сарыбайды, Сүттібайды, Диханбайды ертіп, шақырған жерге қонаққа барады.

Сыпатай, Медетбек, Бірімқұл жүз шақты жігітті ұйымдастырып, олардың соңынан келіп, бай ауылының сыртынан

барлаушы жіберіп, өздері бақылап тұрады. Сол күні ай сүттей жарық екен. Бір мезгілде барлаушылары белгі береді. Сөйтсе, байдың жасырып, дайындап қойған жасақтары келіп қалған екен. Сол арада айқас басталып, жау жағы жапырылып, өлгені өліп, қалғаны тым-тырақай қашады. Сөйтіп, қазақтың бас батыры Сұраншы бостан-босқа жазым болып қала жаздаған. Сонда Сұраншы: «Мына інілерімнің тапқырлығы болмаса, мүрдем кетіп қалмағымыз хақ еді», – деп Сыпатай, Медетбек, Бірімқұлдарға ризашылығын білдірген екен.

Ержүрек Сыпатай Саурықұлы, Медетбек Есебайұлы, Бірімқұл Сыпатайұлы Сұраншы батырдың сарбаздарымен бірге Әулиеата, Шымкент, Ташкент жеріндегі соғыстарда батырлықпен қоса айлакерлік, тапқырлық, ұйымдастырушылық қабілеттерімен көзге түсіп, талай-талай қиын қыстау жерлерде жол бастап, ерлік көрсеткендері тарихтан белгілі.

Шымкент жеріне кіргенде бұларға Есқожаның Әуез атасынан шыққан Атамқұл батыр өз жасақтарымен қосылады. Атамқұл Сұраншының бала кезінен бірге өскен жолдасы еді. Ол бозбала кезінде осы жақта тұратын өзбек нағашыларына кеткен екен. Ол

алғашқы уақытта қокандардың жағында болып, кейін олардың қазақ ауылдарына жасаған әділетсіз әрекеттеріне шыдамай, Сұраншыны арнайы іздеп келіп қосылған.

Енді олар сол 1864 жылдың күзінде Шымкент қаласының оңтүстік жағындағы Сайрам қамалына жетіп, қокандықтардың қатты қарсылығына кездеседі. Қамалдың түбінде кескілескен ұрыстар болады. Қазақ сарбаздары ерекше көзге түседі. Сайрам қамалының қақпасы ашық тұрған. Сұраншы бастаған бірнеше сарбаздар қамалға атой салып, кіріп кетеді. Қокандықтар кіреберіске маржан шашып тастаған екен. Сарбаздардың аттары тайып жығылып, Сұраншы мен Сүттібайдың аттары жығылмай өтіп кетеді. Осы кезде қақпа тарс жабылып, аттары құлаған сарбаздар сыртта қалады. Сұраншы мен Сүттібай қамал ішіндегі шайқаста ерлікпен қаза табады.

Қамалдың сыртында қалған батырлар, жауынгерлер үлкен шайқаспен қамалды алып, қокандықтарды жеңеді. Осы қамал ішіндегі соғыста Сұраншының серігі Сарыбай Айдосұлы жараланады, Атамқұл, Сыпатай Саурықұлы, Медетбек, Бірімқұл, Әтей мерген, тағы басқалары Сұраншының сүйегін қамалдан алып шығып, Сайрам жерінде жерлеген.

Сұраншы өлгеннен кейін қазақ жасақтарын Атамқұл басқарады. Қокандықтармен соғыс одан әрі қарай да жалғасады. Қазақ сарбаздары қокандықтарды ығыстырып, орыс әскерлерімен бірге Ташкентті алады. Атамқұл Ташкентті билеушілердің бірі болады. Ол өзбек қызына үйленеді. Қазір Атамқұлдың ұрпағы Сайрамда тұрады. Ал Сыпатай Саурықұлы мен Медетбек батыр елдеріне аман-есен оралады. Жастайынан ел қамын ерте ойлаған батыр азаматтар Медетбек пен Сыпатай, бабалары Қарасай мен Көшкениң, әкесі Саурықтың, ағасы Сұраншының ерлік дәстүрін одан әрі жалғастырады. Сыпатай мен Медетбектің жасаған ерлігі өте көп. Оны зерттеп жазса, әрқайсысы бір-бір дастан болары даусыз. Бұл – келешектің ісі. Медетбек батыр атамыздың ұрпағы Жамбыл ауданындағы қазіргі Саурық батыр ауылында тұрады.

Мәмбет КОЙГЕЛДІ,
ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор

КӨРМЕ

Алматы қаласындағы «Апорт-Молл» сауда орталығына «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының «Жартас суреттері – көне дәуір дерегі» атты фотокөрмесі қойылды. Көрме мақсаты – жартас суреттері арқылы ежелгі заман адамдарының өмір салтын, наным-сенімін, тұрмыс-тіршілігін таныстыру әрі салынған бейнелерді тарихи дереккөз ретінде танып, оның археологиялық және мәдени маңызын түсіндіру.

Жартас суреттері – адамзат өркениетінің ең ерте кезеңінен жеткен мәдени және тарихи мұра. Бұл бейнелер, бір жағынан, көне дәуір суретшілерінің эстетикалық көзқарасын танытса, екінші жағынан, ежелгі адамдардың когнитивтік қабілеттері мен дүниетанымын, тұрмыс-тіршілігін және наным-сенім жүйесін көрсететін маңызды тарихи дереккөз ретінде есептеледі. Жартас суреттері жазу пайда болмай тұрған кезеңде, тіпті жазумен қатар қолданыста болған ақпарат алмасу құралы болды. Яғни



ежелгі адамдар өз ойы мен тәжірибесін, сенімін тас бетіне бейнелеу арқылы жеткізген.

Алматы, Жетісу өңіріндегі Таңбалы, Ешкіөлмес, Баянжүрек секілді белгілі

археологиялық кешендермен қатар Кыземшек, Қаракүңгер, Кетпентау және басқа да ескерткіштерден мыңдаған жыл бұрынғы тұрғындардың өмір салтын бейнелейтін петроглифтер

анықталды. Қазіргі таңда жартас бетіне салынған суреттердің мазмұнын, олардың астарында жасырылған коммуникативтік әрі ақпараттық деректердің құпия кодтарын ашу ғылымда күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Біз бұл туындылардағы композициялық құрылымдар мен символдардың семантикалық мағынасын терең түсінуге ұмтылғанымызбен, көбінесе тек жалпылама тұжырымдармен шектелеміз. Осыған байланысты, ежелгі мәдени мұраларды жан-жақты зерттеу мен зерделеу келешекте де өзектілігін жоймайды деген ойдамыз. Сол себепті де ежелден жеткен осы рухани-мәдени мұраны болашақ ұрпаққа түсіндірудің бір жолы ретінде адамдар көп шоғырланатын, демалыс күндерін өткізетін орындарға көрме қойылды.

Көрме экспозициясында әр жылдары Алатау, Жетісу жерінен жаңа ашылған жартас суреттерінің фотолары мен эстампаждары хронологиялық тәртіппен орналастырылды. Қола дәуірі мен орта ғасыр аралығын қамтыған бұл жартас суреттерінде аншылық көріністері,

салттық билер, тұрмыстық құралдар, жануарлар мен түрлі таңба, абстрактілі символдар, ту ұстаған салт аттылар, түйеші, керуеншілер бейнеленген. Сонымен қатар, көрменің тартымдылығы мен ақпараттылығын қамтамасыз ететін арнайы заманауи көркем интерпретация және музейлік ақпараттар цифрлық форматта – QR-кодтар арқылы үш тілде ұсынылды.

Көрмені Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтары 20 күркүйек пен 20 қазан аралығында «Алматы – Бішкек» жолында орналасқан «Aport Mall West» сауда-ойын-сауық орталығынан тамашалауда. «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ұжымы ұлттық мұрамызды ұлықтауға және мәдени құндылықтарды кенінен насихаттауға көрсеткен қолдауы мен үлесі үшін «Aport Mall» басшылығына ерекше алғысын білдіреді.

Әсел ОМАРҒАЗИЕВА,
«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының аға ғылыми қызметкері, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың докторанты



БАЙҚАУ

МҰҒАЛІМ МЕРЕЙІ



Ұлағатты ұғымды қастерлеп, мұғалім мәртебесін асқақтату мақсатында өткен облыстық «Жылдың үздік мұғалімі – 2025» байқауында бірінші орынды Кеген ауылындағы Садуақас Серкебаев атындағы мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Нұрбек Керімбайұлы иеленіп, автокөлік сыйға тартылды.

Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ —

Мектеп ұжымы жеңімпаз әріптесін ауданның кіреберіс қақпасынан сән-салтанатпен қарсы алып, ән-шашуын арнап, ақ жаулықты аналар шашу шашты. Оқушылар да мұғаліміне зор қошемет көрсетті.

— Мектебіміздің абыройын асқақтатқан Нұрбекке шын жүректен қуаныштымыз! Оған ерекше қолдау көрсетіп, әдістемелік көмек берген аудандық білім бөлімі жанындағы әдістемелік орталық маманы Жұмагүл Дәуітқалиқызына, Жадыра Мышанқызына, мектептің шығар-

машылық тобына алғыс айтамыз. Сондай-ақ ұстаздар Тілекжан Әділбеков пен Жұмаш Сұлтан, Нұргүл Қанапияқызының ақыл-кеңесі мен методикалық көмектері мол пайдасын тигізді. Нұрбектің жеңісі бізге шабыт беріп, биік белестерді бағындыруға жетелейтіні сөзсіз. Мектебіміздің мерейі арта берсін! — деді әріптестері.

Кеген аудандық білім бөлімінің әдіскері Нұргүл Қанапияқызы, зейнеткер-ұстаз Нұрсара Берікова да ақ тілектерін ақтарды.

— Айналайын, Нұрбек! Сен өзіңнің ерен еңбегіңмен жеңіс тұғырына көтерілдің. Енді, міне, абырой аркалап, өзіңнің алтын ұяна, мектебіңе оралып отырсың. Біліктілігің мен шеберлігіңді онтайлы ұштап, білім саласында сүбелі үлесінді қосып жүрген ұстазсың. Менің саған шынайы тілегім, жастық көңілің жайдары болсын! Өміріңе тек береке, бірлік тілеймін! — деді Нұрсара Берікова.

Өз кезегінде Нұрбек Керімбайұлы әріптестеріне ризашылығын білдіріп, бұл жетістік ұжымның ортақ қуанышы екенін жеткізді. Сонымен қатар ол шешендік өнер бағыты бойынша өтетін республикалық байқауға жолдама алғанын да тілге тиек етті.

«Жас маман – жақсы істің жаршысы» демекші, біз де білікті мұғалімнің алдағы белесіне сәттілік тіледік.

Кеген ауданы

БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ!

Балабақша – мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің алғашқы баспалдағы. Халқымыздың әдептілік, инабаттылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, қонақжайлылық қасиеттерін де ерте жастан балалардың бойына сіңіретін орта.

Алматы қаласындағы № 90 балабақшаның ашылғанына да 40 жылдан астам уақыт болыпты. Қаншама бүлдіршін осы жерден мектеп табалдырғын аттады. Аталған бөбекжай ата-ананың мол ықыласына кенеліп, балдырғандардың асығып барар алтын ұясына айналды.

Қазіргі таңда балабақша халықаралық стандартқа сай жұмыс істейді. Бөбекжай меңгерушісі Гүлімжан Смайылқызының айтуынша, мұнда балалардың жан-жақты дамуына барлық жағдай жасалған. Қазіргі таңда типтік жобада материалдық-техникалық базасы толық жабдықталған, интерактивті такта, сиқырлы қалам кешені, электронды киіз үй, ақылды қалам, электронды такта, интерактивті ойын



құралдарымен қамтылған. «Бүгінде 2-6 жас аралығындағы топтарда 320 бала тәрбиеленуде. Оларға жауапты педагогтер мен кіші қызметкерлер сапалы білім, саналы тәрбие беруде. Атап айтар болсақ, ересек «Болашақ» тобының тәрбиешісі Айжан Сатыбалдықызының көп жылдан бері бала тәрбиесіне қосқан

үлесі мол. Гүлдана, Назира, Бота сынды тәрбиешілердің де еңбегі ерен. Мұндағы балалар өнер мен білімге құштар. Сондықтан сан мәрте аудандық білім бөлімінің марапатын иеленіп келеді», — дейді Гүлімжан Жайлабаева.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ТУРНИР

Баскетбол бәсекесі



Қарасай ауданындағы «Үшқоңыр» спорт кешенінде баскетболдан КСРО спорт шебері, Жамбыл ауданының Құрметті азаматы Бақытжан Әбдібаевты еске алуға арналған республикалық турнир өтті. 18 жыл бұрын аудандық деңгейде бастау алған жарыс биыл алғаш рет республика көлемінде ұйымдастырылды.

Гүлзат БАЙҚОНЫСОВА —

Турнирдің негізін қалаушылардың қатарында елімізге белгілі қоғам қайраткері, педагогика ғылымдарының докторы Амалбек Тшан, Олимпиада жүлдегерлері – Дәулет Тұрлыханов, Ермахан Ибрайымов

және Нұрбақыт Теңізбаев сынды танымал спортшылар бар.

— Бақытжан Әбдібаев балалық шағы соғыстың ауыр жылдарымен тұспа-тұс келгеніне қарамастан, спортты жанындай сүйіп, баскетболды серік етіп, талай шыңды бағындырды. Тек спортшы ретінде ғана емес, жас буынға білікті

тәлімгер де бола білді. Мұндай іс-шаралар арқылы жастар ел спортының тарихымен танысып, ерік-жігерін шыңдайды. Ең бастысы, еңбекқорлық пен табандылыққа тәрбиелейді, — деді облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Ақжүрек Таңатаров.

Жиналған көпшілік Бақытжан Әбдібаевтың Жамбыл ауданындағы спортты дамытуға өлшеусіз үлес қосқанын, балаларды жаттықтырып, демеушілік көрсеткенін атап өтті. Ал Париж Олимпиадасының күміс жүлдегері Демей Жалдыраев спорт жай ғана жаттығу емес, өмір салты екенін және турнирге қатысқан әрбір ойыншы өз қатарластарына үлгі бола алатынын жеткізді.

Ардагер спортшының 80 жылдығына арналған турнирге 2010-2011 жылдары туған ұлдардан құралған 20 команда, 250-ден астам спортшы қатысты. Олар Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Түркістан, Жамбыл, Павлодар, Қарағанды, Ақтөбе, Атырау, Жетісу облыстары және Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан келді. Сайыс нәтижесі бойынша Алматы облысының құрамасы топ жарып, 1-орынды жеңіп алды. Ал Талғар ауданының жеке командасы 2-орын, Жетісу облысы 3-орынды еншіледі. Сондай-ақ үздік ойыншылар арнайы номинациямен марапатталды. Жеңімпаздарға кубок, медаль мен грамота табысталды.

Ұйымдастырушылар алдағы уақытта кәсіби баскетбол клубының негізін қалауды көздеп отыр. Турнир бұдан кейін де жалғасатын болады.

Қарасай ауданы

ҰЛАҒАТ

Райымбек ауданы Талас ауылында ұрпаққа ұлағат болатын жақсы дәстүр жалғасын тапты. Атап айтқанда, ауыл жұрты бас қосып, осы ауылдың төл перзенті, саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне, балаларды спортқа баулуға арнаған ұстаз, еркін күрестен спорт шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Нұрлан Әкімбайұлына құрмет көрсетті.

Спорт ардагеріне құрмет



Жұмабек ТҮРДИЕВ —

Бүгінде сексен жасқа толған ардагер-спортшы 1945 жылы Талас ауылында дүниеге келген. Жастайынан спортты серік етті. Мектеп қабырғасында оқып жүргенде аудандық жарыстарға қатысып, бозкілем үстіндегі белдесуде ұдайы жеңіс тұғырынан көрінді. Өскери борышын өтеген кезде де балуандығымен көзге түсіп, спорт шеберлігіне үміткер деген абыройлы атаққа ие болды. Өмірінің 40 жылдан астам уақытын жас буынды спортпен шынықтыруға арнады. Алақандай ауылдағы шағын мектептен күрес үйірмесін ашып, балаларды балуандық өнерге баулады. Нұрлан ағаның тәлімін алып, тәжірибесіне қаныққан шәкірттер дүбірлі бәсекелерде талай мәрте топ жарып, аудан ғана емес, облыс намысын қорғап, абырой арқалаған.

Ардагер-ұстаздың спорттағы ерен еңбегі атаусыз қалған жоқ. «Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісі мен Ы.Алтынсарин атындағы медаль алғаны, Райымбек ауданының Құрметті азаматы, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы деген атақтары – соның айқын белгісі. 1975 жылы Алматыда өткен Кеңес одағының батыры С.Баймағамбетов атындағы дүбірлі додада еркін күрестен топ жарып, спорт шебері атанған.

Нұрлан Әкімбайұлы – отбасының да орны бөлек отағасы, балаларының асқар тау әкесі. Құдай қосқан қосағы Сара Әбілмәжинқызы екеуі төрт қыз, екі ұлды дүниеге әкеліп, тәлімді тәрбие берді. Бүгінде бәрі де жоғары білімді. Қоғамның дамуына, елдің өсіп-өркендеуіне мамандықтары бойынша үлес қосып, көптің сый-құрметін аркалап жүрген азаматтар Ардагер спортшының 80 жасқа толған мерейтойына ауыл тұрғындарымен қатар аудан әкімдігі мен аудандық мәслихаттың, спорт мектептерінің, білім ошақтарының, мәдениет саласының өкілдері, алыс-жақыннан келген меймандар қуанышқа ортақтасты. Өзі еңбек еткен Ш. Уәлиханов атындағы орта мектептің алдына құрылған сахнада ақ тілектер ақтарылды.

Райымбек ауданы әкімінің орынбасары Жанарбек Жақсылық аудан әкімінің құттықтау хатын оқып, мерейтой иесіне шапан жапты. Тағы бір ерекше айтатын жаналық – облыстық мәслихаттың шешімімен Нұрлан Әкімбайұлы Алматы облысының Құрметті азаматы атанды. Мерейтой үстінде осы абыройлы атақ тапсырылды. Шалкөде ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы Мұқатәлі Есімсартов, Тұрсынғияз Рысбаев, Медетқан Абиыров, Әділжан Нөкеев сияқты ел-жұртқа танымал ақсақалдар, Ержан Дабиров, Тұрған Дияскызы сынды шәкірттері жүрекжарды лебізін жеткізді.

Нұрлан ағамыз спортты ғана серік етпей, қолы қалт еткенде шежіре мен шешендік өнерді жинап, қаламына арқау етіп жүр. Той үстінде «Үш қиян» баспасынан шыққан «Жанғабыл шешен» атты танымдық кітабы мен өлеңдері топтастырылған жинақтың тұсауы кесілді.

Бұл күні мерейтой иесінің құрметіне мектепте еркін күрестен жасөспірімдер арасында жарыс өткізілді. Жеңімпаздар диплом және ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Өсем ән қалықтап, күмбірлеп күй төгілді.

Райымбек ауданы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс формасында «Медициналық қалдықтарды зарарсыздандыруға арналған бутилизаторын орнату» жобасының «Ықтимал әсерлері туралы есеп» бөлімі бойынша өткізіледі.

Учаскенің географиялық координаттары: 1. 43,5781695; 77,1339410; 2. 43,5781878; 77,1342712; 3. 43,5779854; 77,1338801; 4. 43,5779819; 77,1342407.

Өткізілу орны: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы Талғар ауданы Еркін ауылы, Школьная көшесі, 2 «А» үй.

Өткізілу күні мен уақыты: 2025 жылғы 17 қараша, сағат 15:00. Жоспарланған іс-әрекеттің бастамашысы: ЖШС «Ақлер Групп», БСН: 160540010630, 3-ауды мекенжайы: Қазақстан, Алматы қаласы Алмалы ауданы, Шевченко көшесі, 118, 210 үй. Тел.: +7 747 790 9360, aklergroup@araz@mail.ru

Жобаның құрастырушысы: ЖШС «Эко-Нелр», БСН: 210840020703, ҚР, Астана қаласы Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 28 үй, пәтер 40. Тел: 8 747 773 5969; 8 7262 42 69 19, utilcohelp@gmail.com

Қоғамдық тыңдау материалдарымен ndbecology.gov.kz сайтынан танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Алматы қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы» ММ мекеңжайына жолдауға болады:

Zoom конференциясына қосылу: <https://us06web.zoom.us/j/88024506087?pwd=TG6C6Wulh2sNUY0qzRCIPMarE2EJoN.1>

Конференция идентификаторы: 880 2450 6087.

Кіру коды: 959841.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Общественные слушания в форме открытых собраний проводятся по проекту отчет о возможных воздействиях «Установка стерилизатора парового для обеззараживания медицинских отходов».

Географические координаты участка: 1. 43,5781695; 77,1339410; 2. 43,5781878; 77,1342712; 3. 43,5779854; 77,1338801; 4. 43,5779819; 77,1342407.

Место проведения: Республика Казахстан, Алматинская область Талгарский район село Еркін, ул. Школьная, д. 2 «А». Дата и время проведения: 17 ноября 2025 года в 15:00.

Инициатор: ТОО «Ақлер Групп», БИН: 160540010630, Юр. адрес: Қазақстан, город Алматы, Алмалинский район, улица Шевченко, дом 118, 210, Тел: +7 747 790 9360. aklergroup@araz@mail.ru

Составитель проекта: ТОО «Эко-Нелр». БИН: 210840020703. РК, г. Астана, р. Есиль, пр. Мангилик ел, д.28, н.п.40. Тел: 8 747 773 5969; 8 7262 42 69 19. utilcohelp@gmail.com

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте ndbecology.gov.kz

Замечания и предложения направлять в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области».

Подключиться к конференции Zoom: <https://us06web.zoom.us/j/88024506087?pwd=TG6C6Wulh2sNUY0qzRCIPMarE2EJoN.1>

Идентификатор конференции: 880 2450 6087.

Код доступа: 959841.



Бас редактордың бірінші орынбасары:

Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың орынбасары:

Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:

Шолпан НҰРЖАУОВА

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:

Кәдірбек ҚҰНЫПИЯҰЛЫ

Бас редактор:

Қуаныш ТҮНҒАТАР

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ	8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ	8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ	8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Күралай МҰРАТҚЫЗЫ	8 700 573 30 11
Іле ауданы, Алатау қаласы – Бағдат ШОЙБАС	8 705 261 50 98
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ	8 702 213 95 83
Райымбек ауданы – Жұмабек ТҮРДИЕВ	8 777 029 45 22
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ	8 777 218 63 25

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Жайһар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71

alatau_jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады. М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.

Тапсырыс – 1042

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде, «Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823. Индексі – 64792.

Кезекші редактор: Ерзат АСЫЛ